







B2 - Күнделікті мәселелерді, әсіресе тұлғааралық шиеленістерді сабырлы, саналы, творчестволық тұрғыда шешу қабілеттілігі.

B3 - Қаржы және несие, құқықтану, бухгалтерлік есеп және бақылау, шаруашылық қызметті талдау, статистика, кәсіпкерлік пен коммерцияның, аудиттің, бағалы қағаздар нарығының, маркетинг пен менеджменттің, экономика-математикалық модельдеудің, арнайы қаржы-несиелік және құқықтық пәндер саласындағы кәсіби білім мен дағдыларын пайдалану қабілеттілігі.

B4 - Қаржы-бюджет саласындағы, банк және сақтандыру ісіндегі, салық салудағы, қор және валюта нарықтарындағы, заң қызметтеріндегі тәжірибелік жұмыстарды үнемі өзгеріп отыратын экономикалық конъюнктура жағдайында жүргізу қабілеттілігі.

B5 - Ақпарат ағындарында бағытты ұстану, белгілі бір критерий бойынша ақпарат көздерін табу және жүйелеу, ақпаратты алудың, қайта құрудың, сақтаудың оңтайлы тәсілдерін пайдалану, интеллектуалдық-танымдық қызмет жағдайларында олардың өзектілігін арттыру қабілеттілігі.

B6 - Нақты экономикалық жобаны жүзеге асыру үшін құрылған кіші топ қызметін ұйымдастыру қабілеттілігі.

B7 - Коммуникативтік есептерді шығару үшін заманауи техникалық құралдар мен ақпараттық технологияларды пайдалану қабілеттілігі.

B8 - Басқару шешімдерінің ұсынылған нұсқаларын бағалау және әлеуметтік-экономикалық тиімділік критерийлерін, тәуекелділіктер мен мүмкін болатын әлеуметтік-экономикалық салдарын ескере отырып оларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу және негіздеу қабілеттілігі.

E2 - Қаржы-несие саясаты стратегиясының негізгі бағыттарын анықтау және оны жүзеге асыру тетіктерін қалыптастыру.

E3 - Қаржылық, сақтандыру нарықтары қатысушыларының есептіліктерін құрастыру қабілеттілігі;

E4 - Жалпыәлемдік сипаттағы әдістер мен құралдарды пайдалана отырып жұмыс істеу қабілеттілігі, бизнесті жүргізуде, түрлі ақпараттарды қолдану тұсында этикалық құндылықтарды сақтау.

E5 - Шаруашылық субъектілердің, сақтандыру компаниялардың, екінші деңгейлі банктердің, бағалы қағаздар нарығының қаржылық қызметінің стратегиясы мен тактикасын әзірлеу, жергілікті бюджеттердің жобаларын, кәсіпорындардың бизнес-жоспарларын құрастыру, кәсіпорынның, сақтандыру компанияларының, коммерциялық банктердің қаржылық жағдайын бағалау бойынша есептеулерді жүргізу.

E6 - Шаруашылық субъектілердің қызметін сипаттайтын экономикалық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін есептеуге қажетті бастапқы мәліметтерді жинау және талдау қабілеттілігі.

E7 - Шаруашылық субъектілердің қызметін сипаттайтын экономикалық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді типтік әдістемелер мен іс жүзіндегі нормативтік-құқықтық базаның негізінде есептеу қабілеттілігі.

E8 - Экономикалық жоспарларды құру үшін қажетті есептеулерді орындау, оларды ұйымда қабилданған стандарттарға сәйкес негіздеу және жұмыс нәтижелерін ұсыну қабілеттілігі.